


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	7 126	▲ 1,20%	▲ 21,4%
NASDAQ	24 468	▲ 1,52%	▲ 5,3%
DJIA	49 447	▲ 1,79%	▲ 16,6%
CBOE Volatility Index (VIX)	17	▼ -2,56%	▼ -2,5%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 668	▲ 0,73%	▲ 29,1%
DAX	2 115	▲ 2,22%	▲ 24,0%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 160	▼ -0,89%	▲ 33,3%
Nikkei 225	58 476	▼ -1,75%	▲ 46,6%
Shanghai SE	4 051	▼ -0,10%	▲ 24,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 884	▲ 0,83%	▲ 38,8%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Жұма күні АҚШ қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 1,20%-ға өсіп, 7 126,06 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 1,52%-ға көтеріліп, 24 468,48 болды; ал Dow Jones индексі 1,79%-ға өсіп, 49 447,43 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексында 11 сектордың 8-і өсім көрсетті. Ең жоғары өсім Consumer Discretionary (+3,0%), Real Estate (+1,9%) және Industrials (+1,9%) секторларында тіркелді. Ал Energy (-2,7%) және Utilities (-0,4%) секторларында төмендеу байқалды.

Анализ секторов S&P 500	Market Cap	Изм. за день	Изм. за месяц	Изм. за год
Communication Services	11 697 940 694 291	0,0%	6,4%	49,4%
Consumer Discretionary	6 941 179 446 589	3,0%	10,0%	29,8%
Consumer Staples	3 513 036 248 961	1,1%	1,8%	0,6%
Energy	2 065 019 525 032	-2,7%	-6,4%	38,2%
Financials	7 737 865 649 054	1,1%	8,9%	21,5%
Industrials	5 402 849 408 535	1,9%	6,7%	43,6%
Information Technology	18 392 927 849 136	1,5%	12,4%	169,4%
Materials	1 234 700 144 648	0,1%	11,0%	39,1%
Real Estate	1 139 477 381 449	1,9%	9,0%	4,5%
Utilities	1 377 850 503 881	-0,4%	4,4%	18,8%
Health Care	5 378 348 044 956	1,8%	4,8%	15,9%

Жалпы алғанда, жұма күні америкалық қор нарықтары сенімді өсім көрсетті. S&P 500 және Nasdaq индекстері қатарынан үшінші күн рекордтық жабылу деңгейін жаңартса, Dow Jones индексі ақпан айының соңынан бергі ең жоғары деңгейге жетті. Нарықтағы өсімге Тауа Шығыстағы геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі және АҚШ пен Иран арасындағы ықтимал дипломатиялық ігерілеу туралы жаңалықтар қолдау көрсетті.

Инвесторлардың оптимизмі Иранның сыртқы істер министрі Аббас Аракчидің Ормуз бұғазы барлық коммерциялық кемелер үшін толық ашылғаны туралы мәлімдемесінен кейін күшейе түсті. Бұл шешім Ливандағы атысты тоқтату келісімінен кейін қабылданғаны хабарланды. Аталған жаңалық энергия тасымалдаушылар жеткізіліміне қатысты тәуекелдерді төмендетті, себебі Ормуз бұғазы мұнай мен газды әлемдік нарықтарға жеткізудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Нарық көңіл күйіне АҚШ президенті Дональд Трамптың мәлімдемелері де қосымша қолдау көрсетті. Ол Тегеран мен Вашингтон арасындағы келіссөздер алдағы демалыс күндері өтуі мүмкін екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл келіссөздер 28 ақпанда АҚШ пен Израильдің Иранға бірлескен соққыларынан кейін басталған әскери қақтығысты тоқтататын бейбіт келісімге әкелуі ықтимал. Дипломатиялық реттеу үміттері мұнай бағасындағы геосаяси тәуекел сыйқасын төмендетіп, инвесторлардың тәуекел активтеріне қызығушылығын арттырды.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	404	1%	47,5%
Банк ЦентрКредит	4 503	0%	96,5%
Kcell	3 342	0%	-1,1%
Қазатомпром	39 900	1%	95,1%
ҚазТрансОйл	1 194	0%	45,1%
KEGOK	1 460	0%	-4,0%
Kaspi.kz	38 474	1%	-29,8%
ҚазМұнайГаз	31 200	2%	113,3%
Эйр Астана	698	0%	-39,0%

Геосаяси шиеленістің әлсіреуі аясында мұнай бағасы күрт төмендеді. Brent маркалы мұнай фьючерстері 9%-ға арзандап, барреліне 90,38 долларды құрады, ал сауда барысында баға 86,09 долларға дейін төмендеді. WTI маркалы америкалық мұнай бағасы 11,45%-ға төмендеп, 83,85 доллар деңгейінде қалыптасты. Мұнай бағасының төмендеуі инфляциялық қысымды азайтып, қор нарықтарына қосымша қолдау көрсетті.



Мұнай бағасының төмендеуі энергетикалық сектор акцияларына қысым көрсетті. Exxon Mobil акциялары 2,9%-ға төмендеп, индекс динамикасына ең үлкен теріс әсер етті. Chevron акциялары 2,2%-ға арзандап, нарыққа қысым жасаған үшінші ірі фактор болды. Сонымен қатар, American Airlines акциялары 3,6%-ға төмендеп, индекс динамикасына екінші ірі теріс үлес қосты.

Сонымен қатар, S&P 500 индексіне қысым көрсеткен факторлардың бірі Netflix акцияларының құлдырауы болды. Компания акциялары ағымдағы тоқсанға арналған пайда болжамының нарық күткен деңгейден төмен болуына байланысты 9,7%-ға төмендеді. Бұған қоса, компанияның тең құрылтайшысы әрі директорлар кеңесінің ұзақ жылдар бойғы төрағасы Рид Хастингстің 29 жылдық қызметінен кететіні туралы жаңалық инвесторлардың көңіл күйіне қосымша қысым көрсетті.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	470,14	-0,22%	-7,2%
RUB/KZT	6,19	-0,53%	-3,4%
CNY/RUB	10,70	1,32%	-2,7%
EUR/USD	1,1762	-0,16%	0,4%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2026 ж.